



Утверждаю
Заведующая ясли-сада «Дарын»
Исбаева Н.М.

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№34				
Күндері	03 - 06.05.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Табиғаттың гүлденуі				
Мекеменің атауы, тобы	ЖШС «Дарын бөбекжай балабақшасы», ортаңғы топ «Еркетай»				
Педагогтің аты-жөні	Қурманбаева Ж.К.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сәрсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.

Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)		"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әр түрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету.	"Не артық?" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу.	"Ұқсайды - ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Зат іздеу". Мақсаты. Ойынға қатысатын балалар бөлмеден шығады. Осы уақытта кішкентай бір затты (сақина, өшіргіш) көрінетін жерге қойыңыз. Балалар бөлмеге кезектесіп кіреді; оларға бөлмені айналып шығып, қандай жаңа зат пайда болғанын атауға мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындай алмаған бала айып ұпаймен келесі айналымға өтеді.
Таңғы жаттығу	Кешенді жаттығулар Құстай болып ұшамыз Қанатты біз қағамыз. Ұлу болып жорғалап, Өсімдікке қонамыз. Қане енді тұрайық Қолымызды созайық. Қанат қағып ұшайық.				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды нанды қадірлеу, нан қоқымдарын жерге шашпай, тамақты төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айтулары.				
	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық		Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың асыл күн, Армысың асыл жыр. Армысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық.
---	--	---	--	---	---

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ		Музыка "Табиғаттың сәні-гүл". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Гүлдің түсі қандай?".</i> Математика негіздері "Бау-бақшаны гүлдендірейік". Мақсаты. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге жаттықтыру; заттар топтамасының біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту..	Орыс тілі "Во поле береза стояла". Цель. Учить воспринимать русскую речь, отвечать на вопросы о березе; учить четко проговаривать стихотворные строчки на русском языке, согласуя во фразах окончания слов в уменьшительно-ласковой форме, а также согласуя движения с ритмом в строках и ритмом мелодии. <i>Развивающее упражнение "Найди, где спряталось".</i> Дене шынықтыру "Гүлдей жайнап бәріміз". Мақсаты. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру. <i>"Доға астынан" қимылды ойыны.</i> Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат. Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды	Мүсіндеу "Кемпірқосақ". Мақсаты. Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау. <i>"Қайсысы артық" дамытушы жаттығуы.</i> Қоршаған ортамен танысу "Балабақша ауласындағы ағаштар". Мақсаты. Балалардың балабақша ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайдасы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру. <i>Дидактикалық ойын: "Балабақша ауласындағы ағаштар".</i>	Жаратылыстану "Аялайықты бақбақты!" Мақсаты. Балалардың көктемде өсетін гүл атаулары арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту. <i>"Көктемгі гүлдерді ата" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Көркі ғажап көктем". Мақсаты. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау. <i>"Қасқыр мен қояндар" қимылды ойыны.</i>
---	--	---	---	--	--

			қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету		
--	--	--	---	--	--

Серуен		Гүл бақшасын бақылау. Мақсаты: өсімдіктерге күтім жасау, оларды суару, арамшөптерді өсіру, олардың арасындағы айырмашылықты көру қабілеттерін бекіту; әсемдік сезімін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (гүлзарларды жинау, жерді қопсыту, көшет отырғызу.) Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тауық және балапандар", "Ұшақтар". Мақсаты: бір-бірімен соқтығыспай, жорғалап жүгіру, жүгіру жаттығулары, педагогтің белгісі бойынша тез әрекет ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кім жетеді?", "Маймылдар". Мақсаты: лақтыруға жаттығу сол және оң қолмен; гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты: бақылау дағдыларын дамыту, табиғатқа құрметпен қарауды тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі тастарды жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыдыруға барайық", "Бақалар". Мақсаты: ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, допты нысанаға лақтыру, қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Балабақша аумағына экскурсия. Мақсаты: ағаштардың аттарын қайталау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың астына құрғақ бұтақтарды жинау). Мақсаты: табиғатқа деген құрмет сезімін ояту, ауланы тазалықта сақтау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айналмалы жол", "Кедергілерді жеңу". Мақсаты: белгі бойынша әрекет егуді, кедергілерден секіруді, бірден екі аяққа қонуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, балаларды допты оң және сол қолмен белгілі бір бағытта лақтыруға жаттықтыру.	Балабақшаға келетін көліктерді бақылау. Мақсаты: көліктер туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (тастардан көпір салу). Мақсаты: шығармашылық қабілетін, тастардан ғимарат салу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаны әкел", "Маған қарай жүгіріндер". Мақсаты: физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттерін, қозғалыстарды дамыту: "Үшінші артық". Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)		Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар. "Көктемгі гүлдер". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; топ бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету. <i>"Мені қуып жет"</i> қимылды ойыны. Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Дала гүлдері". Мақсаты. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды батырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру. <i>Саусақ жаттығуы "Біз жас өскін, баламыз"</i> . Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар. "Көктем жұмбақтары сөздік жаттығулары". Мақсаты. Балаларды заттардың мазмұнын сипаттаушы формасы, жұмбақтармен таныстыру, заттардың не құбылыстардың ерекшеліктері мен қасиеттері жөнінде білімдерінің аясын кеңейту. <i>"Жұмбақ жасыру"</i> сөздік жаттығуы. Демалыс күніне түскен тақырып жеңілдетілген ойын-жаттығу түрінде өткізіледі.	"Емхана" сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике ретінде болып ойнауға үйрету.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)		Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Өз жұбыңды тап". Мақсаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін				

	жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Барысы: ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу		Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап". Мақсаты: тілдің жалпақ шетін жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету. Қысқаша сипаттамасы: тілдің жалпақ шетін жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу. Әдістемелік нұсқау. 1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, "пя-пя-пя" жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғарғы еріннің үстіне қайыру керек.	"Сипаттамадан тап"" дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: алдын ала балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар-жұмбақтар дайындау. Мысалы: * Түрлі-түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырындармен қоректенеді. (Көбелек.) * Көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.) * Жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап улиды. (Қасқыр.) * Жабайы жануар, терісінің түгі қызыл түсті, ертегілерде әрқашан алдайды. (Түлкі.) * Сары қабығы бар жеміс. (Лимон.)	"Танып ал да, атын ата". Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер. Барысы: балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.	"Оң және сол" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және кішкентай заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Барысы: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".	"Бүгін біз не үйрендік?" ата-аналармен сұхбат жүргізу.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	"Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер рөлі" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.
--	--	--	--	--	--